

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)					
Топ/сынып	Кіші топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы					
Балалардың жасы	2 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні					
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	05.06. - 09.06.2023ж.				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен	"Күн тәртібі және оның бала өміріндегі маңызы" тақырыбында ата-аналармен әңгімелесу.				

әңгімелесу, кеңес беру					
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Ұйымдастырылған іс-әрекетіне құрал-жабдықтар мен материалдар дайындау. Мақсат-міндеттер: берілген тапсырмаға көңіл аударуға бейімдеу, оқу іс-әрекетіне арналған материалдар мен жабдықтарды ұқыпты орналастыруға үйрету. (еңбек дағдылары)	Табиғат бұрышындағы бақылау. Мақсат-міндеттер: табиғат бұрышындағы өсімдіктердің күн сәулесінде тұрғанына назар аударыңыз; күн адамға ғана емес, өсімдіктерге де қажет екенін; өсімдіктердің жапырақтары күн сәулесінде жарқырайтынына назар аударту. (еңбек дағдылары)	Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырма: құрастырмақтардың бөліктерін қорапқа ұқыптап жинату. Мақсат-міндеттер: балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. Құрастырмақтардың қорапқа жиналуына назар аударту; бөлшектер шашырап жатса, қорапқа сыймайтынын түсіндіру. (еңбек дағдылары)	Еңбекке баулу мақсатындағы тапсырма: "Ойнап болғаннан кейін топ ішін жиыстыру". Мақсат-міндеттер: балаларда саналы түрде тәртіпке деген ұмтылысты, ойыннан кейін ойыншықтарды жинау әдетін қалыптастыру, жұмыс жоспарын құра білу, алдағы іс-әрекетке қажетті материалдарды таңдай білуге үйрету. (еңбек дағдылары)	Бөлме өсімдіктерін бақылау. Бөлме өсімдіктері отырғызылған ыдыстардағы топырақтың құрғақ екендігіне назар аударту, сол себептен өсімдіктерді су құйғышты пайдаланып суару керек. Мақсат-міндеттер: бақылағыштыққа тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)
	"Сылдыр, сылдыр, сылдыр су" саусақ жаттығуы. Мақсат-міндеттер: көркем сөз арқылы балаларды жуыну	"Салғыш ойыншықтармен" ойындар. Мақсат-міндеттер: салғыш ойыншықтағы	"Ойыншық мысықпен ойындар". Мақсат-міндеттер: балаларды көркем сөйлеуді тыңдауға,	"Менің туған қалам" иллюстрациясын қарастыру. Мақсат-міндеттер: балаларға туған	"Үй құрастырамыз" құрастыру ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың қиялын, зейінін, отбасына

	тәртібімен таныстыру; жағымды эмоцияларын тудыру. Сылдыр, сылдыр, сылдыр су, Мөлдір суға бетінді жу. Жусаң таза болады, Беті - қолың, маңдайың. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	ойықтардың пішіндеріне сай ұсақ бөлшектерді салуға дағдыландыру; ойын, зейінін, қабылдауын, ұсақ қол моторикасын дамыту. Әр ойыққа кескіні бойынша сәйкес суреттерін тауып салу. Балалардың жағымды көңіл-күйге бөленуіне мүмкіндік жасау; ойлау қабілетін, зейінін, қол моторикасын дамыту. Не боп қалды? Не боп қалды? Пішіндер шашылып қалды! Қане, жылдам достарым, Орнына орналастыр!	мысықтың мінез-құлқын бақылауға, педагогтің қимылына еліктеуге және өлеңге эмоционалды жауап беруге тәрбиелеу. Мысық, мысық, мысығым, Жолға отырма, пысығым. "Тәй-тәй" басқан бөпешім, Жолдан өтем демесін. Сенен аттай алмайды, Құлап қалып жүрмесін! Тусипжанова-Шагирова А. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	өлкесі, мекен орны жайлы ұғымдарын қалыптастыру; қабылдау, зейін, сөйлеу қабілетін дамыту. Суретте бейнеленген қаланың көрікті жерлері туралы әңгімелер. (сөйлеуді дамыту) "Қалашық құрастырамыз" ойын атрибуттары. Мақсат-міндеттер: арнайы "лего" құрылыс бөлшектерінен қарапайым құрылыстарды қалауға баулу; ұсақ қол моторикасын, кеңістікті бағдарлау қабілетін дамыту. "Лего" немесе ағаштан жасалынған	деген сүйіспеншілік сезімдеріне тәрбиелеу. Ойын атрибуттары: "Лего" немесе ағаштан жасалынған құрылыс ойыншықтары. Педагог әр балаға өз үйін құрастыруды ұсынады. (сөйлеуді дамыту)
--	--	---	---	---	--

		(сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)		құрылыс ойыншықтары. Педагог әр балаға өз үйлерін құрастырып, ортақ құрылыстарды біріктіруге ұсыныс жасайды. (құрастыру)	
Таңертеңгі жаттығу	Тыныс алу, релаксация, сөйлеу артикуляциялық жаттығулары, ойын массажы элементтерімен таңғы жаттығулар. Оянайық, тұрайық, Жаттығу орындайық. Терезені ашайық, Таза ауа жұтайық. Ауыртпайды ағзаны, Таза ауа пайдалы! (дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көңіл-күй тудыру. Көркем сөз. Қасықтарымыз біздің, Таңқалдырар барлығын! Қасықтарым сиқырлы, Тауысады тағамды. Міне тағам, міне ас, Қасық түк те қалдырмас! Балалардың беті-қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Мақсат-міндеттер: ас ішу мәдениетімен таныстыру; қасық, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету; ас-су ішкенде сөйлемеуге шақыру.				

	(мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	"Менің қалам" тақырыбындағы иллюстрациялық суреттерді қарастыру. Мақсат-міндеттер: балалардың туған мекені жайындағы ұғымдарын қалыптастыру; көрікті жерлерді есте сақтауға ынталандыру. (сөйлеуді дамыту)	"Не артық?" ойын-жаттығуы. Мақсат-міндеттер: белгілі топтамаға жатпайтын затты байқап, атауға бейімдеу; ойлау, зейін қабілеттерін дамыту. Құралдар: ойыншық-заттар немесе заттардың суреттері (құмсалғыш, қалақша, құм салатын пішін, алма, су құйғыш) (сөйлеуді дамыту)	Мнемотехнике бойынша қала туралы тақпақ жаттау. Мақсат-міндеттер: зейін, қабылдау, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту. Тақпақты картотека мазмұнынан (қала, ауыл, өлке туралы) алу. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)	"Менің қалам" тақырыбындағы иллюстрациялық суреттерді қарастыру. Мақсат-міндеттер: балалардың туған мекені жайындағы ұғымдарын қалыптастыруды жалғастыру; көрікті жерлерді есте сақтауға ынталандыру. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)	Туған жер, ел, қала туралы мақал - мәтелдер жаттау. Мақсат-міндеттер: туған жеріне деген қызығушылықты, сүйіспеншілікті қалыптастыру; байланыстырып сөйлеу негіздерін салу. Туған жердің күні де ыстық, түні де ыстық. Туған жердің тасы да таныс. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтырудан ойын-жаттығу "Аулада доппен ойнаймыз" Мақсат-міндеттер: Балаларға допты екі қолымен ұстап, бір-	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу ""Құмсалғышта" атты сурет бойынша әңгіме құрастыру" Мақсат-міндеттер: Жыл мезгілдерінің	Сенсорикадан ойын-жаттығу "Күн сәулесіне саяхат" Мақсат-міндеттер: «Тар», «кең», «ұзын», «қысқа» ұғымдарын нығайту;	Мүсіндеуден ойын-жаттығу "Өзен үстіндегі әдемі көпір" Мақсат-міндеттер: Кесек саз балшықты кішкентай бөліктерге бөліп алып, екі	Музыкадан ойын-жаттығу "Менің қалам" Мақсат-міндеттер: Балаларды жолда жүру ережелеріне сәйкес бағдаршамның

	біріне домалату жаттығуларын жасау кезіндегі іскерліктерін жетілдіру; допты тура көздеп, бір бағытқа домалата білу дағдысын дамыту; қол мен саусақ бұлшықеттерін дамыта отырып, жаттығуларды ынтамен жасауға қызығушылық қабілеттерін арттыру; бір-біріне деген сенімділік сезіміне тәрбиелеу.	ауысуы, жаз және оның белгілері туралы түсініктерін қалыптастыру. Сөздік қорын сөздік ойындар мен жаттығулар арқылы байыту, қалыптастыру, кеңейту және нақтылау (шелек, қалып, қалақша, тиегіш, торт, үй, терезе, есік, бақбақ, күн; қызыл, сары, жасыл, көк, үлкен, кішкентай; көп, азырақ; құю, салу, жасау, тасымалдау; жылы); «Құмсалғышта» картинасы туралы тұтас қабылдауды қамтамасыз ету; "Қарым-қатынас дағдыларын, диалогтық сөйлеуді дамыту (сурет	кеңістіктегі ойлау мен бағдарлауды дамыту.	алақанның тура қозғалысымен жаюды дамыту; балалардың мүсіндеуге қызығушылығын арттыру; ойын негізінде, пластикалық материалдардан, саз балшықтан, көпірдің қарапайым жобасын жасау; саз балшықтың қасиеттерімен таныстыру (жұмсақ, икемді); балалардың бойында қайырымдылықты, ілтипаттылықты дамыту; мүсіндеу барысында саз балшықты ұқыпты пайдалануға үйрету.	атқаратын қызметімен таныстыру. Ойын арқылы балаларға жолда жүру ережелерін үйрету. Көше, жол, жаяу адам жүретін жол мен көліктер туралы түсініктерін жетілдіру. Музыкадағы бейнелерді ажыратуға үйрету. Әннің ширақ, сергек, сабырлы сипатын ажырата білуге тәрбиелеу.
--	---	--	---	---	--

		бойынша сұрақтарға жауап беру қабілеттерін қалыптастыру); табиғатқа деген сүйіспеншілік пен құрмет сезімін тәрбиелеу.			
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Желді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: "жел" деген түсінікті қайталау, ағаштардың арасындағы байланысты ашу, желді күні ағаштардың жағдайы туралы түсіндіру. Негізгі мазмұны: ағаштардың	Жаңбырды бақылау (ауа-райына байланысты). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: жазғы маусымдық белгілерді, жансыз табиғатта болып жатқан өзгерістерді бекіту, жаңбыр сияқты құбылыспен таныстыруды жалғастыру.	Ағаштар мен бұталарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: бұталар мен ағаштар туралы білімдерін бекіту, ағаштар мен бұталар арасындағы ұқсастық пен айырмашылықтарын ажырата білуге үйрету, ағаштар мен бұталарға ұқыпты,	Аспан мен бұлттарды бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттер: "бұлт" түсінігін ұғындыру, ауа-райының бұлттармен байланысы. Негізгі мазмұны. Бұлтты күні балалардан аспаннан не көріп тұрғандарын сұрау. Бұлттардың	Гүлдеп тұрған өсімдіктерді бақылау. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру) Мақсат-міндеттер: балаларды кейбір гүлдейтін шөптесін өсімдіктермен таныстыру. Гүлдердің пайдасы туралы айтып, олардың құрылымымен

қозғалып, майысқанын, иілгенін бақылау, ағаштардың бұлай істеуінің себебі не екенін сұрау. Қандай жел соғып тұр: суық, жылы? Жылдың төрт мезгілінде болатын желдің түрлерін еске түсіру. Көркем сөз. Тентек желді көріп ем, Бізге қыдырып келген! Терезеден гу етіп, Есіктері сарт етті. Қалпағыммен ойнады, Ойынға бір тоймады. Шаршап қалды кенеттен, Байқамай ұйықтап қалды. "Трамвай" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру)	Негізгі мазмұны. Бірінші жазғы жаңбырды бақылау. Жаңбыр тамшылары үлкен және жиі болатындығына назар аударту. Терезелерге тамшылап тұрған тамшыларды тыңдату, судың тамшылап ағып жатқанына қарау. Асфальттағы көлшіктер қандай? Көркем сөз. Жаңбыр, жаңбыр, жау-жау, Бақшамызға жау-жау! Шөптер де шөл қандырсын, Табиғат шаңнан арылсын! Жаңбыр, жаңбыр, жауа бер, Кемпірқосақ ала кел!	қамқорлықпен қарауға үйрету. Негізгі мазмұны: балалардан балабақша аумағында қандай ағаштар мен бұталар өсетіндігін сұрау. Ағаштың бұтадан айырмашылығын сұрау. Ағаштың бір діңі бар, бұтаның діңі жоқ. Ағаш бұтадан биік. Көркем сөз. Ағаштарға қамқорлық жасайық, Жапырақ пен бұталарын жұлмайық. Жыл сайын ағаш егіп, көбейтейік. Туған елді осылайша көркейтейік! Тусипжанова-Шагирова А. "Жалаушаға қарай жүгір" қимыл-	үнемі қозғалыс үстінде болатынына назар аударту: кейде қалықтайды, кейде баяу қозғалады, кейде, тез қозғалады. Олар қандай? Аспанда бұлттар пайда болған кезде, олар Күннің бетін жауып, күн соншалықты ыстық болмайды. Энциклопедиялық мәліметтер: Бұлттар пішіндеріне қарай негізгі үш түрге бөлінеді: Будақ бұлт – үйіліп жатқан жүн, не мақтаға ұқсап келетін сұрғылт түсті бұлттар. Олар тұтаса келе түнеріп, будақ бұлтқа айналып, жазда, нөсер жаңбыр, қыста, жапалақтап қар болып келеді.	танысу. Өсімдіктерге күтім жасауды үйрету. Негізгі мазмұны. Өсімдіктерді қарастыру, түстері мен пішіні қандай екенін сұрап, гүлден басқа қандай бөліктері бар екенін анықтау. Гүлдерге қамқорлық етуге, жұлмауға, басып кетпеуге үйрету. Жұмбақ жасыру. Жапырағын ұстасаң, Асты суық, Жылы үсті, Дәрі жасар бұл гүлден, Емдер күйік, тынысты. (Түймедақ) "Өз түсінді тап" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер:
---	---	---	--	--

	Мақсат-міндеттер: балалардың қозғалысын басқа ойыншылардың қимылдарымен үйлестіре отырып, жұппен қозғалу қабілетін дамыту; түстерді тануға және оларға сәйкес қимыл-қозғалыстарын өзгертуге үйрету. "Шеңберге дәлде" ойын жаттығуы. Мақсат-міндеттер: балаларда нысанаға дәлдеп атай білу, ептілік, мергенділік қабілеттерін дамыту. Балалардың далаға алып шығатын материалдармен өз бетінше ойын әрекеттері. Далаға алып шығатын материалдар: күректер, шелектер,	Көлшіктерден аттайық, Асыр салып ойнайық! Тусипжанова-Шагирова А. "Төбешіктен төбешікке" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларда алға жылжып екі аяқпен секіру қабілетін дамыту. Белгі бойынша әрекет ету, ұзындыққа және биіктікке секіруге, тез жүгіруге жаттықтыру. Балалардың далаға алып шығатын материалдармен өз бетінше ойын әрекеттері. Далаға алып шығатын материалдар:	қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: педагогтің белгісі бойынша ғана әрекет етуге үйрету, зейінін, түстерді ажырата білу қабілеттерін дамыту. Жүру және жүгіруде жаттықтыру. "Тауық пен балапандары" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларда белгі бойынша қимылдар жасау қабілеттерін дамыту, әр түрлі бағытта жүгіруде және жорғалап кіре білуге жаттықтыру. Далаға алып шығатын материалмен ойындар.	Қабат бұлт – тұманға ұқсас, сұрғылт қабатты бұлттар. Қабат бұлттар аспанды түгел торласа, ұзаққа созылатын ақ жауын жауады. Шарбы бұлт – жауын-шашын әкелмейтін ақ түсті бұлттар. Бұлттарға қарап та күн райын болжауға болатындықтан, бұлттардың бұрынғы өткен бабалардан қалған атауларымен таныс болғанның еш артықшылығы болмас. Олай болса: Ақша бұлт – ашық аспанда қалқып жүретін ақ бұлттар. Ала бұлт – ақ, қара, қошқыл түсті бұлттардың шоғырынан құралған	кеңістікте бағдарлау, негізгі түстерді ажырата білу қабілеттерін қалыптастыру. "Төбешіктен төбешікке" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларда алға жылжып екі аяқпен секіру қабілетін дамыту. Белгі бойынша әрекет ету, ұзындыққа және биіктікке секіруге, тез жүгіруге жаттықтыру. Балалардың далаға алып шығатын материалдармен өз бетінше ойын әрекеттері. Далаға алып шығатын материалдар: күректер, шелектер,
--	---	--	--	---	---

	қалыптар, жыл мезгіліне сай киіндірілген қуыршақтар, машиналар. Еңбек тапсырмасы: серуеннен кейін ойыншықтарды жуу. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек түрлеріне баулу.	күректер, шелектер, қалыптар, қарындаштар. Еңбек тапсырмасы: серуеннен кейін ойыншықтарды жуу. Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек түрлеріне баулу. "Нүктелер" түрлі түсті борлармен ойын. (Мақсат-міндеттер: ұсақ қол моторикасын, ойлау, зейін қабілеттерін дамыту. Педагог асфальтқа бормен көптеген нүктелер қояды, ал бала оларды тұтас сызықтармен байланыстырады. Барлық нүктелер байланыстырылғаннан кейін, қандай да бір пішін пайда болады, оның неге	Мақсат-міндеттер: балаларды өз бетінше ойынға қажетті атрибуттарды іріктеп, таңдап алуға үйрету. Алып шығатын материалдар: күректер, сыпырғыштар, қалақшалар, қалыптар, зембілдер, қарындаштар мен қағаз парақтары. Кинетикалық құммен танысу. Құмды зерттеу үрдісінің өзі бірнеше сағатқа созылуы мүмкін. Кинетикалық құм қолға түскен кезде ең бірінші - пакетті ашып, оны құм жәшігіне немесе үстелге төгу керек, жай ғана қолмен ұстап көру. Сыртқы	бұлттар. Шумақ-шумақ, лек-легімен шұбырған бұлттар – будақ бұлт. Көркем сөз. - Балалар, мен бүгін сендерге Ескен Елубаев аталарыңның "Ұшақтан жылдам бұлттар" өлеңін оқып бергім келіп тұр. "Ұшақтан жылдам бұлттар". Таңертең күн ашық, Тұр енді нұр шашып. Аспанда бұлт жоқ: "Ендеше күдік жоқ. Ойладым дәл бүгін Жаумайды жаңбырың" Шықтым мен үйімнен. Жейдешен киіммен. Әурелер жолда құр, Алғам жоқ қол шатыр, Кенеттен аспанда	қалыптар, қарындаштар. Еңбек тапсырмасы: серуеннен кейін ойыншықтарды жуу. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: балаларды қарапайым еңбек түрлеріне баулу. Кинетикалық құмнан тұрғызылған "Құм қалашығы". (шығармашылық дағдылар) Мақсат-міндеттер: түйсік-сезімді, ұсақ қол моторикасын дамыту. Кинетикалық құмның барлық кереметтілігін сөзбен немесе фотосуреттермен жеткізу мүмкін емес, оны тек құмды қолыңызбен ұстап
--	---	--	--	---	---

		ұқсайтынын бірге ойланып, қиялдап табу керек.	түрі бойынша кинетикалық құм дымқыл құмға өте ұқсас, бірақ құрғақ болады. Құмнан ең қарапайым пішінді мүсіндеп көріңіз, мысалы, кішкене доп, пішіндердің қаншалықты тығыз екенін сезіп, содан кейін жай ғана пішінді саусағыңызбен басып, пішіннің қалай жайылып бұзылғанын бақылаңыз. Құмды саусақтарыңыздың арасынан өткізіп көріңіз, ол ағып жатқан сияқты. Бұл қарапайым кинетикалық құм әрекеттері балалардың демалуына, жүйке	Бұлт торлай бастады. Ұшақтан жылдам ба?! Жетсе ол тез бұл маңға. Шаңдатып көшені, Басталды нөсері. Өстіп бұлт жаңбырлы Міне таң қалдырды! Жоқ мотор, Қанаты, Бұл бұлттар қалайша Тез жете қалады?.. Өлең бойынша балалармен әңгімелесу, балаларға таныс емес сөздермен сөздік жұмысын жүргізу. «Масаны ұстап ал» қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларда	көріп қана сезіне аласыз! Кинетикалық құммен қалыптарды қолданып пішіндер мүсіндеуге өте ыңғайлы.
--	--	--	--	---	--

			жүйесінің тынышталуына жақсы көмектеседі. Енді құмның таңғажайып қасиеттерімен таныс болғаннан кейін, ойнауға болады. "Дәрігерде" сюжетті-рөлдік ойыны. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру) Мақсат-міндеттер: балаларды дәрігердің қызметімен таныстыру, медициналық құралдардың аттарын бекіту. Балаларға ойын жоспарын жүзеге асыруға үйрету. Екі кейіпкермен (дәрігер - науқас) өзара әрекеттесу қабілетін	қозғалыстарын визуалды белгімен үйлестіру қабілетін дамыту, балаларды секіруге жаттықтыру (бір орнында секіру). "Торғайлар мен мысық" ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларда кеңістікті бағдарлай алу және бір-бірімен қақтығыспай топта қозғалу қабілетін дамыту. Белгі бойынша әрекет ету, ұзындыққа секіру, биіктікке секіру, тез жүгіріп келе жатып секіруге жаттықтыру. Далаға алып шығатын материалмен дербес ойындар. Мақсат-міндеттер: балаларды өз бетінше ойынға қажетті	
--	--	--	---	---	--

			қалыптастыру; алмастыратын ойыншықтармен дербес ойын кезінде өзі үшін де, ойыншық үшін де рөлін сомдау.	атрибуттарды іріктеп, таңдап алуға үйрету. Алып шығатын материалдар: күрек, сыпырғыш, қалақшалар, қалыптар. "Классики" борлармен ойнайтын ойын. Мақсат-міндеттер: ұсақ қол моторикасын дамыту. Бала кезінен бәріне таныс ойын. Асфальтқа классики ойынының торын саламыз. Кіші топ балалары тек 1-ден 10-ға дейін секіріп қана ойнаса. Ересек топ балалары тас лақтырып, оған дейін секіріп, содан кейін таспен оралады. Еңбек тапсырмасы:	
--	--	--	--	---	--

				құмды бір жерге үйіп, шелектерге салып, құмсалғышқа апару. Мақсат- міндеттер: қарапайым еңбек әрекеттерін орындауға баулу.	
Серуеннен оралу	Балаларды жүйелі түрде шешінуге, киімдерді шкаф сөрелеріне қоюға, қолдарын жууға үйрету.				
Түскі ас	Баланың тамақтануы кезінде баланы қолдайтын жағымды көңіл-күй тудыру. Көркем сөз. Қасықтарымыз біздің, Таңқалдырар барлығын! Қасықтарым сиқырлы, Тауысады тағамды. Міне тағам, міне ас, Қасық түк те қалдырмас! Балалардың беті-қолдарын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Мақсат-міндеттер: ас ішу мәдениетімен таныстыру; қасық, шанышқыны дұрыс қолдануға үйрету; ас-су ішкенде сөйлемеуге шақыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Күндізгі ұйқы	Мақсат-міндеттер: дәретханаға бару, жуыну, киімдерін бүктеу, тыныш ұйықтау сияқты белгілі бір рәсімдерді сақтай отырып, ұйқыға өзін-өзі дайындау дағдыларын қалыптастыру. Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау. Ұйықтар алдында шешінгенде, орындықтың арқалығына көйлек немесе жейделерін ілгізіп, ал орындықтың өзіне шалбарын, етектерін бүктеп қойғызу. "Әлди - әлди" әні.				

	Көзімнің ағы-қарасы, Жүрегімнің парасы, Уайым-қайғы ойлатпас, Көңілімнің сапасы. Айналайын, шырағым! Көлге біткен құрағым! Маңдайдағы құндызым, Аспандағы жұлдызым. (көркем әдебиет)
Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Оятпақ. Төсекте жатып керіліп-созылу, жаттығу жасау, өзін-өзі уқалау. Балалар әуезді музыка әуенімен оянады, содан кейін кереуеттің үстінде жатып, 5-6 жалпы даму жаттығу орындайды. Басты оңға, солға бұру. Қолды, ішті, аяқты, өкшені жеңіл сипау. Екі аяқтың тізесін бүгіп, екі қолмен құшақтау және біртіндеп түзету. "Көңілді аяқтар" жаттығуы. Аяқтарды биік көтер, міне былай, Топ, топ, топ! Көңілдірек! Биігірек! Міне былай: Хоп, хоп, хоп! Қоңыраулар сыңғыр-сыңғыр, Қатты-қатты , сылдыр-сыңғыр! Шап жүйрігім, шап-шап, Тпру - ру -у, тұлпарым: Тоқтат! Тоқтат! Шынықтыру шаралары. Дымқыл сүлгімен сүртіну. Жалпақ табандылықтың алдын алу мақсатында денсаулық кілемшелерімен жүру.

	Мәдени-гигиеналық дағдыларды жүзеге асыру жайындағы білімдерін бекіту. "Сылдыр, сылды, сылдыр су" ойын жаттығуы. (дене шынықтыру)				
Бесін ас	Қасықты оң қолға ұстау, ерінмен жайлап тамақтану, ересектердің көмегімен тамақтану дағдыларын қалыптастыру. «Аю анасы қонжықты қалай дұрыс тамақтануға үйретті» ойын жағдаяттары. «Алақай, алақай», «Катя біздің ақылды» тақпақ-жаттамақтары.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Қала саламыз" құрылыс материалдарымен кілемде ойнайтын ойындар Мақсат-міндеттер: құрастыру іскерліктерін дамыту, бірге ойнау. (сөйлеуді дамыту) "Көлік жүргізушілері" сюжетті-рөлдік ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды жүргізуші мамандығымен таныстыру. Балаларды ойын арқылы қарым-	"Үй құрылысы" сюжетті-рөлдік ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың түрлі ғимараттар құрылысына қатысатын мамандар туралы білімдерін бекіту, кеңейту; өнімді қарым-қатынасқа, жауапкершілікке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Құрал-жабдықтар: ұрылыс материалдары, қағаз парақтары, қара қарандаштар,	"Шалқан үлкен болып өсіпті» театрландырылған ойын. Орыс халық ертегісі. Мақсат-міндеттер: ертегілер әлеміне деген қызығушылықты арттыру; сөйлеу қабілеттерін дамыту. Балаларға ертегі оқу. Көрнекі бейнені пайдаланып, әңгіме тыңдауға жаттықтыру. Паннода немесе үстел бетінде ертегіні сахналау. (сөйлеуді дамыту,	"Дәм татқызу" сюжетті-рөлдік ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың ойын жоспарын жүзеге асыру қабілетін дамыту. Балалардың белгілі бір рөлге арналған атрибуттарды өз бетімен таңдау әрекеттерін қолдау; ойын ортасын жетіспейтін заттармен, ойыншықтармен толықтыру. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен	"Мәреге жақында" ойыны. Мақсат-міндеттер: зейінді, есте сақтауды және бақылауды дамыту. Балалар сапқа тұрады. Олардан 10-15 қадам жерде педагог мәре сызығын сызып, оның қасында тұрып дауыстап санайды. Балалар мәре сызығына адымдап бара бастайды. Егер педагог үнсіз болса, олар тоқтайды, аяғын қосымша қадам

	қатынас орнатуға үйрету. Екі кейіпкермен өзара әрекеттесу қабілетін қалыптастыру (жүргізуші - жолаушы). Балаларды белгілі бір рөл үшін өз атрибуттарын табуға талпындыру. Еңбек тапсырмасы: ойын сөресіне заттарды жинастырып, қалпына келтіру. Мақсат-міндеттер: еңбек дағдыларын тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)	сызбалар, ойыншық жүк көлігі, құрылысқа қажетті ойыншық құрал-саймандар (балға, бұрағыш, тістеуік, және т. б.). (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)	көркем әдебиет) "Біздің аулада" ойын жағдаяты. Мақсат-міндеттер: балаларда жағымды эмоциялар тудыру; әсерлерін байыту; ойынға деген қызығушылықтарын арттырып, ересек адамның дауыс интонациясына еліктеуге ұмтылуға жетелеу. "БИ-БА-БО" қуыршақ театры және фланелеграфты қолданады. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	таныстыру) Кинетикалық құммен танысу. Мақсат-міндеттер: балалардың ұсақ қол моторикасын, ойлау, елестету, түйсік қабілеттерін дамыту. Құмды зерттеу үрдісінің өзі бірнеше сағатқа созылуы мүмкін. Кинетикалық құм қолға түскен кезде ең бірінші - пакетті ашып, оны құм жәшігіне немесе үстелге төгу керек, жай ғана қолмен ұстап көру. Сыртқы түрі бойынша кинетикалық құм дымқыл құмға өте ұқсас, бірақ құрғақ болады. Құмнан ең қарапайым пішінді мүсіндеп көріңіз,	жасап қойған ойыншы сызықтың соңына қарай қайтады. Зейін қойып тыңдай отырып, балалар мәре сызығына қарай жүре береді. Барлық қашықтықты өтіп болғаннан кейін, педагог ең зейінді және жинақы балаларды мақтайды. Ескерту. Ойнауды үйрену кезінде балалар қол ұстасып ойнай алады. (дене шынықтыру)
--	---	--	---	---	---

				мысалы, кішкене доп, пішіндердің қаншалықты тығыз екенін сезіп, содан кейін жай ғана пішінді саусағыңызбен басып, пішіннің қалай жайылып бұзылғанын бақылау. Құмды саусақтарыңыздың арасынан өткізіп көріңіз, ол ағып жатқан сияқты. Бұл қарапайым кинетикалық құм әрекеттері балалардың демалуына, жүйке жүйесінің тынышталуына жақсы көмектеседі. Енді құмның таңғажайып қасиеттерімен таныс болғаннан кейін, ойнауға болады.	
--	--	--	--	--	--

				(сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)	
Балалармен жеке жұмыс	"Қуыршақтар" сюжетті-рөлдік ойыны. Мақсат-міндеттер: әр түрлі ыдыс-аяқ түрлері туралы білімдерін бекіту, ыдыс-аяқты мақсатына сай пайдалану дағдысын қалыптастыру. Тамақтану кезінде өзін-өзі ұстау мәдениетіне тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)	Тақпақ. Балабақшаға келеміз, Түрлі ойыншықтар көреміз. Паровоз, кеме, қуыршақ, Балаларды күтіп тұрады. "Радио" дидактикалық ойыны. Мақсаты: зейінді болу, ең маңызды белгілерді есте сақтау қабілетін дамыту. - Сен баратын топтың аты қалай? - Көмекші мен тәрбиешілердің ата-жөні қалай? - Таңертең біз топта не істейміз? Кешкілікте? Түскі ас	"Түстер мен пішіндер" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: заттардың геометриялық пішіндері мен көлемі, түсі туралы түсініктерін бекіту. Құралдары: түрлі түсті геометриялық пішіндер; ойыншықтар. (сенсорика)	"Шаршылардан мұнара құрастыру" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: көлемі, түсін ажырату, кеңістікті, жазықтықты бағдарлау қабілеттерін дамыту. Көркем сөз. Гүл бөлеп, хош иіске атырабын, Ағаштар жайып салды жапырағын. Самал жел сыбырласа, сыр ұрласа, - Өзенде мың бұралып жатыр ағын. Фариза Оңғарсынова (сөйлеуді дамыту)	"Кім шақырды?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: есту зейінін дамыту, құрдастарына деген достық қатынасты, бірге ойнауға деген ықыласқа тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту)

		кезінде? - Біздің топтағы қыздардың есімдері кім? - Ұлдардың ше? - Сенің атың кім? Сенің анаң сені қалай атайды? Әжең ше? (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)			
Серуенге дайындық	Мақсат-міндеттер: жапсырмасы бар қапсырмалы аяқ киімді шешіп тағу дағдыларын қалыптастыру, басқа да қапсырма түрлерін қолдана білуге жаттықтыру. Аяқ киімдерін киіп, ересек адамдардың көмегімен түймелерін тағу және киімдерін шкафқа ілу дағдыларын қалыптастыру. Қабылдау бөлмесінде өзін-өзі ұстау мәдениетін сақтауға үйретуді жалғастыру.				
Серуен	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Тағамның атауын есте сақтау, тамақтану рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуді, әдепті бала болуды үйренеміз". (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі) Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка) Өнер бұрышында еркін тақырыптарға сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру. (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру) Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. (математика негіздері) Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (қоршаған ортамен таныстыру)				

Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	"Менің үйім - менің отбасым" атты тақырыпта ата - аналармен әңгімелесу.	"Отбасындағы еңбек тәрбиесі" атты тақырыпта ата-аналармен әңгімелесу.	Кеңес: "Күн тәртібі және оның бала өміріндегі маңызы".	"Бала демалысын дұрыс ұйымдастыру" тақырыбында ата-аналарға арналған кеңес.	"Жайдарлы жазғы күндер" фото көрмесі.
--	---	---	--	---	---------------------------------------